	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға арналған жатақханалардағы орындарды бөлу туралы ереже

Бекітілген
 Басқарма шешімінің
 «06» 08 2024 ЖЫЛҒЫ
 № 24 хаттамасымен

**«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина
 университеті» КЕАҚ**
**Білім алушыларға арналған жатақханалардағы орындарды
 бөлу туралы ережесі**

Қолдану мерзімі « <u>06</u> » <u>08</u> 20 <u>24</u> ж. бастап « <u>06</u> » <u>08</u> 20 <u>27</u> ж. дейін	Ұзарту мерзімі «__» _____ 20__ ж. дейін	Мәртебесі: Қолданыстағы <input type="checkbox"/> Ескірген <input type="checkbox"/>
Алдыңғы ескірген құжат: Басқарма шешімінің <u>03.09</u> 20 <u>21</u> жылғы № <u>14</u> Хаттамасы	Құжатты басқаруға жауапты тұлғаның қолы	Коды № <u>0СВЗ/24.6-2024</u> Көшірме № _____ Данасы № _____

Алматы – 2024 ж.




Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Искаков Серикжан Сагимжанович	Согласовано	26.07.2024, 20:14:59	Без замечаний	
Лахов Сергей Владимирович	Согласовано	26.07.2024, 16:12:23	Без замечаний	
Жантаев А.Б. (и.о Жумадилов М.Ж.)	Согласовано	30.07.2024, 15:40:37	Без замечаний	
Энуар Әскербек Әбдірахманұлы	Согласовано	30.07.2024, 17:13:42	Без замечаний	
Сатаев А.О. (и.о Нұрахметұлы И.)	Согласовано	26.07.2024, 20:42:20	Без замечаний	
Кубеева Жанар Умирбековна	Согласовано	26.07.2024, 10:49:04	Без замечаний	
Альчимбаев Арман Булатович	Согласовано	25.07.2024, 15:45:12	Без замечаний	
Ахмет Абай Нұржанұлы	Согласовано	26.07.2024, 09:57:16	Без замечаний	
Алибекова В.Н. (и.о Жангирбаев М.Т.)	Согласовано	26.07.2024, 18:25:13	Без замечаний	
Алибекова Вильнара Нурдаuletовна	Согласовано	26.07.2024, 18:35:09	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУЭЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, АЛИБЕКОВА ВИЛЬНАРА, Некоммерческое акционерное общество "Казахский национальный медицинский университет имени С. Д. Асфендиярова", BIN181240006407
Датхаев Убайдилла Махамбетович	Подписано	30.07.2024, 17:25:01	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУЭЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, ДАТХАЕВ УБАЙДИЛЛА, Некоммерческое акционерное общество "Казахский национальный медицинский университет имени С. Д. Асфендиярова", BIN181240006407

Сейдулдаева Айжан Нышановна	Зарегистрировано	30.07.2024, 17:53:01	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), ЕРДАУЛЕТҚЫЗЫ ЛАЗЗАТ, Некоммерческое акционерное общество "Казахский национальный медицинский университет имени С. Д. Асфендиярова", BIN181240006407
--------------------------------	------------------	----------------------	---------------	---



	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға арналған жатақханалардағы орындарды бөлу туралы ереже

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	4
2. Нормативтік сілтемелер	4
3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	5
4. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру тәртібі	7
5. Университет жатақханаларындағы орындарды бөлу тәртібі	9
6. Жатақханадан орын алуға өтінім беру қағидалары	9
7. Университет жатақханаларынан орын берудің негіздері мен кезектілігі	10
8. Орналастыру және шығару қағидаларының ерекшеліктері	13
9. Білім алушыларды жатақханаға орналастыру тәртібі	13
10. Білім алушыларды жатақханадан шығару тәртібі	14
11. Жатақханаларда уақытша тіркеуге тұру тәртібі	14
12. Жауапкершілік	14
13. Қорытынды ережелер	15
14. Өзгертулерді тіркеу парағы	16
15. Танысу парағы	17
№1 қосымша	18
№2 қосымша	23

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға арналған жатақханалардағы орындарды бөлу туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ Білім алушыларына арналған жатақханалардан орын бөлу туралы Осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) жатақханаларынан орын беру тәртібін, сондай-ақ Университеттің басқа қаладан келген білім алушыларын орналастыру, уақытша тұру және көшіру қағидаларын белгілейтін негізгі ішкі нормативтік құжат болып табылады.

1.2. Осы Ереженің күші Университеттің барлық білім алушыларына қолданылады.


1.3. Осы ереже, сондай-ақ ережеге өзгертулер мен толықтырулар Университет Басқармасының шешімімен бекітіледі.

1.4. Осы Ережені іс жүзінде іске асыруға Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті жауапты болып табылады, оның қызметін Университеттің жетекшілік ететін проректоры үйлестіреді және бақылайды.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1 Осы ереже мынадай нормативтік құжаттардың негізінде әзірленді:

- 1) Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамыздағы Республикалық референдумда қабылданған Конституциясы.
- 2) Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі.
- 3) Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Кодексі (Әлеуметтік Кодекс).
- 4) Қазақстан Республикасының 2007.07.27 № 319-III «Білім туралы» Заңы.
- 5) Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Заңы.
- 6) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94-I «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы.
- 7) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы.
- 8) Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы.
- 9) Қазақстан Республикасының 29.04.2010 жылғы № 271-IV «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» Заңы.
- 10) Қазақстан Республикасының 22.07.2011 жылғы № 477-IV «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы.
- 11) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға арналған жатақханалардағы орындарды бөлу туралы ереже
		Редакция: 3 27 беттің 5 беті

балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қаулысы.

12) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетудің мөлшерін, көздерін, түрлері мен қағидаларын бекіту туралы» Қаулысы.

13) Премьер-Министрдің орынбасары - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 227 «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

14) Премьер-Министрдің орынбасары - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

15) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 16 «Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және асырап алуға жататын балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

16) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 219 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

17) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

18) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

19) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 131 «Құқықтық кадастрдан ақпарат беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.


20) Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының бұйрығымен бекітілген 27.11.2018ж. № 1133 Университет жарғысы.

21) Басқарманың шешімімен бекітілген, «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ білім алушылардың ішкі тәртіп ережелері.


3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

3.1. Осы Ережеде келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар пайдаланылды:

1) **Білім алушы** - мамандығы /білім беру бағдарламасы бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу немесе дайындық бөлімінде білім алу үшін белгіленген тәртіппен Университетке қабылданған тұлға;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға арналған жатақханалардағы орындарды бөлу туралы ереже

- 2) **Жетім-білім алушы** – ата-анасының екеуі де немесе 18 жасқа (ересек) келгенге дейін жалғыз анасы (әкесі) қайтыс болған білім алушы;
- 3) **Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы** – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, қайтыс болды деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, баланы тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына байланысты жалғыз немесе екі ата-анасының қамқорлығынан айырылған білім алушы, оның ішінде баланы тәрбиелік немесе медициналық ұйымның, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығы болмаған және оның құқықтары мен мүдделерін қажетті қорғауды қамтамасыз етуді қажет ететін, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда;
- 4) **бір ата-ана тәрбиелеп отырған білім алушы** – анасының (жалғызбасты анасы/әкесі) қамқорлығындағы немесе қайтыс болуына байланысты ата-анасының біреуінің қамқорлығынсыз қалған білім алушы;
- 5) **мүгедектігі бар, бала кезінен мүгедектігі бар білім алушы** - тіршілік әрекетінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттілігіне әкеп соғатын, балалық шақта туындаған аурудың (немесе мертігудің) салдарынан ауруларға, жарақаттарға, олардың зардаптарына, ақауларға байланысты дене функцияларының тұрақты бұзылуымен денсаулығы бұзылған он сегіз жасқа дейінгі адам;
- 6) **мүгедек ата-анасы бар білім алушы** – организм функцияларының I-III топтағы тұрақты бұзылуымен денсаулықтың бұзылуы салдарынан ата-анасы/ата-анасы бар, олардың тыныс-тіршілігінің шектелу дәрежесі бар адам;
- 7) **көп балалы отбасы** – төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасы, олар кәмелетке толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітірген уақытқа дейін (бірақ одан артық емес) жиырма үш жасқа толғанға дейін);
- 8) **шетелдік білім алушы** – Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын және өзінің өзге мемлекеттің азаматтығына жататындығы туралы дәлелдері бар, Университетте оқитын шетелдік білім алушы;
- 9) **білім алушы-қандас** – бұрын Қазақстан Республикасы азаматтығында болмаған, тарихи отанына келген және ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған білім алушы-этникалық қазақ;
- 10) **Университет жатақханаларында орындарды бөлу жөніндегі комиссия** – осы Ережеге сәйкес қаладан тыс білім алушылардың өтініштерін қарау қорытындылары бойынша Университет жатақханаларынан орын беру туралы шешім қабылдау үшін құрылатын комиссия;
- 11) **ААЖ** – Университеттің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (Сириус, Negro Study);

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға арналған жатақханалардағы орындарды бөлу туралы ереже
		Редакция: 3 27 беттің 7 беті

- 12) **«Жатақхана» модулі** – білім алушылардың жатақханаға электрондық өтініштерін беруге, жолдамалар алуға, орындарды таңдауға және т. б. арналған ААЖ модулі;
- 13) **білім алушының жеке кабинеті** – бұл білім алушының ААЖ қосымшаларын пайдалануға және өтініш беру сервистеріне, өтінімдердің жай-күйі туралы деректерге және өзінің Жеке жетістіктері туралы ақпаратқа және т. б. қол жеткізуге мүмкіндік беретін құралы;
- 14) **ЭЦҚ** – электрондық цифрлық қолтанба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық таңбалар жиынтығы;
- 15) **академиялық мобильділік** – белгілі бір уақыт кезеңіне жоғары оқу орындарының білім алушыларын оқыту мақсатында өз елінің шегінде немесе шегінен тыс басқа білім беру немесе ғылыми мекемеге ауыстыру;
- 16) **АӘК** – атаулы әлеуметтік көмек;
- 17) **ДКК** – дәрігерлік-консультациялық комиссия;
- 18) **Студкеңес** – жатақхананың студенттік кеңесі;
- 19) **ЦД** – Цифрландыру департаменті;
- 20) **ӘТЖД** – Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департамент;
- 21) **ӘЖБ** – Әлеуметтік жұмыс бөлімі;
- 22) **ТЖБ** – Тәрбие жұмысы бөлімі;
- 23) **ҚБ** – Университеттің құрылымдық бөлімшесі(-лері).

4. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру тәртібі

- 4.1. Университет жатақханаларында уақытша тұру үшін қаладан тыс білім алушыларға орындарды бөлуді Университет жатақханаларындағы орындарды бөлу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) жүзеге асырады, ол Басқарма Төрағасының – Университет ректорының бұйрығымен құрылады.
- 4.2. Комиссия Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 219 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) белгіленген негіздер мен кезектілікті ескере отырып, Университеттің жатақханаларында тұру орындарын конкурстық негізде береді. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 қаңтарда № 31540 тіркелген.
- 4.3. Жоғарыда көрсетілген Қағидалардың тиісінше қолданылуын, сондай-ақ білім алушылардың Университет жатақханаларынан орын беруге өтінімдерін уақтылы және дұрыс ресімдеуді және қарауды бақылауды Комиссия қамтамасыз етеді.
- 4.4. Комиссияның өкілеттік мерзімі, сондай-ақ, оның сандық және дербес құрамы Басқарма Төрағасы – Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.
- 4.5. Комиссияның дербес құрамы келесі тұлғалардан құралады:

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға арналған жатақханалардағы орындарды бөлу туралы ереже
		Редакция: 3 27 бетін 8 беті

- 1) Университеттің әлеуметтік-тәрбие жұмысы мен жастар саясаты мәселелеріне, оның ішінде білім алушылардың жатақханаларда тұру мәселелеріне жетекшілік ететін проректор, ҚБ басшылары мен қызметкерлері;
 - 2) қоғамдық ұйымдардың өкілдері – ерікті негізде құрылған кәсіптік одақтар және азаматтардың басқа да бірлестіктері;
 - 3) студенттік өзін-өзі басқару органдарының өкілдері;
 - 4) деканаттардың өкілдері – білім алушылардың жатақханаларда тұру мәселелеріне жетекшілік ететін декандар, декандардың орынбасарлары;
 - 5) Университеттің басқа да қызметкерлері.
- 4.6. Комиссияның сандық құрамы жиналыстардың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау кезінде дауыс беру құқығы бар кемінде тоғыз мүшеден, оның ішінде төрағадан, төрағаның орынбасарынан және кемінде жеті мүшеден, сондай-ақ дауыс беру құқығынсыз хатшыдан құралады.
- 4.7. Комиссияның жұмысын ұйымдастыруды және отырыстарын өткізуді осы Ережеге сәйкес өз міндеттерін атқаратын төраға, төрағаның орынбасары және хатшы қамтамасыз етеді.
- 4.8. Егер Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 (үштен екісі) дауыс беру құқығымен қатысса, Комиссия отырысы заңды деп танылады, ал кворум шарттары сақталды деп есептеледі.
- 4.9. Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша шешімдер отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелерінің қарапайым көп даусымен қабылданады.
- 4.10. Дауыс беру қорытындылары бойынша комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, отырыста Комиссия төрағасына / төрағалық етушіге күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша алқалық шешім қабылдау үшін шешуші дауыс құқығы беріледі.
- 4.11. Комиссия төрағасы болмаған уақытта (демалыста, сырқаттанған, іссапарға жіберілген, атқаратын лауазымынан босатылған жағдайда және басқа жағдайларда) оның міндеттерін төрағаның орынбасары орындайды.
- 4.12. Комиссия мүшелері отырыстарға қатысуға, ұсынылған құжаттармен танысуға, күн тәртібіндегі кез келген мәселелер бойынша өз пікірін білдіруге, ұсыныстар енгізуге, дауыс беруге (хатшыны қоспағанда), отырыстардың хаттамаларына, сондай-ақ, Комиссия қызметіне қатысты өзге де құжаттарға қол қоюға құқылы.
- 4.13. Комиссия хатшысы ұйымдастырушылық-техникалық сүйемелдеуді, комиссия жұмысының белгіленген тәртібі мен регламентін сақтауды қамтамасыз етеді, отырыстардың хаттамаларына, сондай-ақ Комиссия қызметіне қатысты өзге де құжаттарға қол қояды, отырыстарға дауыс беру құқығынсыз комиссия мүшесі ретінде қатысады.
- 4.14. Отырыстарды өткізу регламенті комиссияның шешімімен бекітіледі.
- 4.15. Комиссия шешімінің хаттамасы міндетті түрде университеттің құжаттамасын басқарудың қолданыстағы регламентіне сәйкес ресімделеді және жатақханаларда орын берілетін және оның негізінде білім алушыларды университет

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға арналған жатақханалардағы орындарды бөлу туралы ереже

жатақханаларына орналастыру туралы тиісті бұйрық шығарылатын білім алушылар тізімінің болуын көздейді.

4.16. Комиссия жұмысының негізгі міндеттері:

- 1) өтініштерді қарау кестесін белгілеу;
- 2) өтініштерді объективті және жария түрде қарау, сондай-ақ олардың қорытындылары бойынша білім алушылардың құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмейтін шешімдер қабылдау;
- 3) комиссия отырыстарының қорытындылары бойынша шешімдер шығару.

5. Университет жатақханаларындағы орындарды бөлу тәртібі

5.1. Орындарды бөлу электрондық портал арқылы жүзеге асырылады.

5.2. Жатақханалардан орын беру Университеттің ААЖ «Жатақхана» модулін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

5.3. ААЖ арқылы Университеттің жатақханаларынан орын беру процесінде белгіленген тәртіптің сақталуына ӘЖБ басшысы жауапты болып табылады.

5.4. ААЖ-дағы «Жатақхана» модулін техникалық және бағдарламалық сүйемелдеуді ЦД жүзеге асырады.

5.5. Университет жатақханаларындағы орындар білім алушыларға бір оқу жылына беріледі.

5.6. Комиссия жатақханалардағы орындарды бөлуді кезең-кезеңмен жүргізеді:

- 1) оқу жылының соңында (маусым), келесі оқу жылында бірінші курстан басқа барлық курстарда білім алушыларға;
- 2) оқу жылының басында (тамыз) бірінші курсқа оқуға және басқа оқу орындарынан ауыстыру тәртібімен қабылданған білім алушыларға;
- 3) оқу жылы ішінде қажеттілігіне қарай – жатақханаларда тұратын білім алушылар контингентінің өзгерістеріне сәйкес, сондай-ақ ауыстырылған немесе қайта қабылданған білім алушыларды негізді түрде қоныстандыру үшін.

6. Университет жатақханаларынан орын алуға өтінім беру ережесі

6.1. Жатақханада орын алуға өтінім беруді Университеттің білім алушысы ААЖ «Жатақхана» модуліндегі «Білім алушының жеке кабинеті» арқылы жүзеге асырады. Қызмет бойынша нұсқаулықтар мен регламенттер білім алушыларға жалпылама қолжетімді болуы үшін «Жеке кабинетте» орналастырылады.

6.2. Білім алушылар «Жеке кабинетте» өз өтінімінің жай-күйі мен мәртебесін қадағалап отыра алады.

6.3. Білім алушы өтінім берген кезде «Міндетті құжаттар» бөлімінде осы Ереженің талаптарына сәйкес **түпнұсқа-құжатты** немесе нотариалды түрде куәландырған көшірмесін (**.jpeg, .jpg, .pdf, .gif, .png форматтарындағы**) **міндетті түрде сканерлеу** жолымен растайтын құжаттарды: білім алушының жеке куәлігі, білім алушының туу туралы куәлігін, «Жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтама беру» көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, Алматы

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға арналған жатақханалардағы орындарды бөлу туралы ереже
		Редакция: 3 27 беттің 10 беті

қаласында және облыста жылжымайтын мүліктің барлығы (жоқтығы) туралы анықтаманы бекітеді. Содан кейін білім алушы Нұсқаулық бойынша әрекет етеді.

6.4. Білім алушыларға жатақханадан орын алуға өтінім бергеннен кейін ӘЖБ жауапты тұлғасы толтырылған мәліметтердің және бекітілген растаушы құжаттардың дұрыстығын тексереді; құжаттар сәйкес келген және дұрыс толтырылған жағдайда білім алушының өтінімі жалпы кезекке қойылады немесе «Мақұлдау» жүргізіледі.


6.5. Сәйкес келмеген жағдайда, егер білім алушының көрсетілген деректері дұрыс толтырылмаған немесе растайтын құжаттар бекітілмеген болса, ӘЖБ жауапты тұлғасы өтінімді қабылдамайды және білім алушының жеке кабинетіне хабарлама жібереді.

6.6. Білім алушының жеке кабинетіне өтінімді қарау нәтижесі туралы хабарлама келеді. Бұдан әрі білім алушы жатақханадан орын алуға арналған нұсқаулық бойынша әрекет етеді: жатақханадағы бөлмені таңдайды, ЭЦҚ кілтімен электрондық шартқа қол қояды, шарт міндетті түрде бекітілгеннен, тұру үшін ақы төленгеннен, түбіртек пен медициналық анықтама берілгеннен кейін жатақханаға қоныстануға жіберіледі.

7. Университет жатақханаларынан орын берудің негіздері мен кезектілігі

7.1. Комиссия негіздемелер мен кезектілікті ескере отырып жатақханадағы орындарды бөлуді мынадай басым тәртіппен жүзеге асырады:

- 1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;
- 2) үшінші топтағы мүгедек адамдар, ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедек адамдар болып табылатын адамдар, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын адамдар, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, оқуға түскен ауыл жастары қатарындағы адамдар ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша, қандастар, сондай-ақ университетте оқитын бірінші жылы уақытында мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген Қазақстан Республикасының азаматтары;
- 3) "Мәңгілік ел жастары - индустрияға!" ("Серпін – 2050") жобасы аясында білім алушылар;
- 4) бірінші курсқа қабылданған, "Алтын белгі" белгісі бар білім алушылар, президенттік, халықаралық және республикалық олимпиаданың және (немесе) конкурстың жеңімпазы немесе жүлдегері сертификаты бар білім алушылар, сондай-ақ, ұйымды үздік бітірген талапкерлер, білім туралы растайтын құжатымен (куәлік, аттестат, диплом);

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға арналған жатақханалардағы орындарды бөлу туралы ереже

5) мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес бірінші курсқа оқуға қабылданған, Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеу, пәндер бойынша түсу емтихандары немесе білім беру ұйымы өткізген тестілеу нысаны бойынша жоғары балл алған білім алушылар.

Ұлттық бірыңғай тестілеудің немесе Кешенді тестілеудің, пәндер бойынша түсу емтихандарының немесе білім беру ұйымы өткізген тестілеу нысанының қорытындылары бойынша балдар тең болған кезде мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау және есепке алу қағидаларына сәйкес білім алушының материалдық жағдайы ескеріледі. мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, сондай-ақ отбасылардан алу, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл көмекті талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына;

6) оқу, ғылыми және қоғамдық жұмыстарда жоғары нәтижелер көрсеткен жоғары курс білім алушылары;

7) Университеттің басқа да білім алушылары (көп балалы отбасылардан шыққан, шетелдік білім алушы, Университет белсендісі);

8) әлеуметтік критерийі жоқ білім алушының жатақханада бос орындар болған жағдайда ғана жалпы негізде орын алуға құқығы бар.

9) тәртіптік жаза (сөгіс, қатаң сөгіс) алған білім алушының жатақханада бос орындар болған жағдайда ғана жалпы негізде орын алуға құқығы бар.

7.2. Өтінімдерді қарастыру «Міндетті құжаттар» бөлімінде келесі критерийлер бойынша толтырғаннан кейін жүзеге асырылады:

7.2.1. Жетім білім алушы; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар, егер ата-анасының біреуі қайтыс болған болса – сканерленген немесе цифрлық құжаттары болған жағдайда:


1) ата-анасының біреуінің немесе екеуінің де қайтыс болуы туралы куәліктері немесе нотариат куәландырған көшірмесі, қорғаншылық органдарынан анықтамалар немесе сот шешімдері;

2) ата-анасының біреуінің жеке куәлігі.

7.2.2. Бала кезінен мүгедектігі бар бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектігі бар білім алушы, мүгедектігі бар балалар – сканерленген немесе цифрлық құжаттары болған жағдайда:

1) білім алушының жеке куәлігі;

2) қолданыстағы немесе мерзімсіз қолданылу мерзімі көрсетілген нысан бойынша мүгедектікті растау туралы анықтама;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға арналған жатақханалардағы орындарды бөлу туралы ереже

3) қолданыстағы немесе мерзімсіз қолданылу мерзімі көрсетілген нысан бойынша ата-анасының (ата-аналарының) мүгедектігін растау туралы анықтама.

7.2.3. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын білім алушы – сканерленген немесе цифрлық құжаттары болған жағдайда:

- 1) ата-анасының жеке куәліктері;
- 2) атаулы әлеуметтік көмекті (АӘК) растау туралы анықтама.

7.2.4. Жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагер ата-анасы бар білім алушы – сканерленген немесе цифрлық құжаттары болған жағдайда:

- 1) ата-анасының жеке куәлігі;
- 2) жеңілдіктер бойынша ҰОС қатысушыларына, ҰОС кезеңінде алған жаралануы, контузиясы, мертігуі немесе ауруы салдарынан мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген куәлік.

7.2.5. Білім алушы-қандас – құжаттары болған жағдайда:

- 1) қандас куәлігі;
- 2) этникалық қазақ мәртебесі туралы анықтама.

7.2.6. Көп балалы отбасынан шыққан білім алушы – сканерленген немесе цифрлық құжаттары болған жағдайда:

- 1) ата-анасының жеке куәліктері;
- 2) кәмелет жасына толмаған іні-қарындастарының туу туралы куәліктері;
- 3) анасында «Алтын алқа» немесе «Күміс алқа» алқасының бар екендігі туралы куәлік;
- 4) отбасында кәмелетке толмаған 4 және одан да көп баланың бар екендігі туралы анықтама;
- 5) ағалары мен әпкелерінің оқу орындарынан анықтама (18 жастан 23 жасқа дейінгі, оқу орындарында оқып жүрген тұлғалар үшін).


7.2.7. Бірінші курсқа қабылданған, «Алтын белгі» белгісі бар білім алушылар, Президенттік, халықаралық және республикалық олимпиаданың және (немесе) конкурстың жеңімпазы немесе жүлдегері сертификаты бар білім алушылар, сондай-ақ, ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеу қорытындылары бойынша жоғары балл жинаған үздік ұйымды бітірген білім алушылар – құжаттары болған жағдайда:

- 1) куәлік немесе сертификат;
- 2) білімі туралы аттестат;
- 3) жүлдегер дипломы.

7.2.8. Шетелдік білім алушы – білім алушының құжаттары: шетелдік азамат паспорты болған жағдайда.

7.2.9. Белсенді (студкеңес мүшесі және ЖОО белсендісі) – мына құжаттар болған жағдайда:

- 1) студкеңес тізімдері жатақхана меңгерушісінің қол қоюымен беріледі;
- 2) ТЖБ бекіткен, мектептер мен факультеттердің декандарымен келісілген студенттік активтің тізімдері.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға арналған жатақханалардағы орындарды бөлу туралы ереже

8. Орналастыру және шығару қағидаларының ерекшеліктері

8.1. Комиссия жыл сайынғы жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты немесе өзге де мән жайлар бойынша жазғы каникул кезеңінде білім алушыларды Университеттің жатақханаларына орналастыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

8.2. Академиялық мобильділік бағдарламасы бойынша және ҚР азаматтары болып табылатын білім алушыларға жатақханаларда орын беру мектептер мен факультеттер ұсынған қызметтік жазба және академиялық мобильділік туралы құжаттар негізінде қоныстану туралы бұйрық шыққаннан кейін ақылы немесе тегін негізде жүзеге асырылады.

8.3. Комиссия орын алған күтпеген отбасылық, материалдық және өзге де мән-жайлардың себебінен тұрғын үй талап етілетін білім алушыларға жатақханаларда орын беру туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ деканның, деканның орынбасарының және білім алушылардың жатақханаларда тұру мәселелеріне жетекшілік ететін өзге де лауазымды адамдардың ұсынуы бойынша тұру қағидаларын, Университеттің жарғысын және өзге де нормативтік құжаттарын сақтамағаны үшін Университет жатақханасынан шығару туралы шешім қабылдайды.

9. Білім алушыларды жатақханаға орналастыру тәртібі Университеті

9.1. Білім алушының ААЖ жеке кабинетіне өтінім мақұлданғаннан және жатақханадағы бөлмені таңдағаннан кейін автоматты түрде жолдама жасалады, содан кейін «Университет жатақханасындағы тұрғын алаңды жалдау шарты» (бұдан әрі – Шарт) жіберіледі. Білім алушы ЭЦҚ кілті арқылы Шартқа қол қояды.

9.2. Білім алушы жатақханада тұру үшін 100% төлем жасап, түбіртектің көшірмесін қоныстанған кезде жатақхана меңгерушісіне береді.

9.3. Жатақханада тұру төлемін бақылау жатақхана меңгерушісіне жүктеледі;

9.4. Білім алушы медициналық комиссиядан өтеді және қышыма мен педикулездің жоқтығы (бар екені) туралы медициналық анықтама мен флюорография өткізеді.

9.5. Жолдама алған білім алушы Университет жатақханасында тұрғын үй алаңын жалдау шартын жасасуға/қол қоюға және одан кейін жатақханаға орналасуға міндетті. Білім алушылардың Университет жатақханасында тұрғын алаңды жалдау шартына қол қоюын бақылау жатақхана меңгерушісіне жүктеледі.

9.6. Жатақхана меңгерушісі білім алушыларға жолдамасын, төлем туралы түбіртекті, медициналық анықтаманы көрсеткен жағдайда ААЖ-да электрондық шартқа қол қойғанын тексере отырып қоныстандыруды жүргізеді және қоныстандыруды қабылдау-тапсыру актісін жасайды.

9.7. Уақытылы қоныстануды бақылау жатақхана меңгерушісіне жүктеледі.

9.8. Жатақханада тұру ақысы бойынша есепті жатақхана меңгерушісі бухгалтерлік есеп және есептілік Департаментінің білім алушылармен есеп және есептілік бөліміне ұсынады.



10. Білім алушыны жатақханадан шығару тәртібі

10.1. Жатақханаға орналасқан, төлемін төлеген және тұрған білім алушы өз қалауы бойынша жатақханадағы орнынан бас тартқан жағдайда, жетекшілік ететін проректордың атына шығару және артық төлемді қайтару (қажет болған жағдайда) туралы өтініш жазуға міндетті.

10.2. Білім алушыны Университеттен шығару кезінде, жатақханадан шығару оқудан шығару туралы бұйрық негізінде жүргізіледі.

10.3. Өтінішке жатақхана меңгерушісі бұрыштама қояды және мынадай құжаттар қоса беріледі: қабылдау-тапсыру актісі, жеке куәліктің көшірмесі, жатақханаға жолдама, тұруға ақы төлеу туралы чек, банкте шоттың болуы туралы анықтама (20 символдан тұрады). Білім алушы жоғарыда аталған барлық құжаттарды ӘЖБ-ге тапсырады.

10.4. Білім алушының құжаттары сканерленеді және SalemOffice арқылы ӘЖБ басшысының қолы қойылып, артық төлемнің немесе берешектің бар екені (жоқтығы) туралы бухгалтермен келісуге жіберіледі.

10.5. Шарттың 7.3-тармағына сәйкес, білім алушы тұру ережелерін бұзған жағдайларды қоспағанда, артық төлемді қайтару Шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

10.6. Жатақхана үшін артық төлемді білім алушыға қайтару Университет жатақханасында ары қарай тұрудан жазбаша бас тартқан, оқудан шығарылған және/немесе басқа ЖОО-ға ауысқан жағдайда ғана жүргізіледі.

10.7. Конкурстық комиссия, сондай-ақ білім алушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі комиссия тұру қағидаларын сақтамағаны үшін жатақханадан шығару туралы шешім қабылдайды, білім алушы қайтыс болған жағдайда, білім алушылардың жатақханада тұру мәселелеріне жетекшілік ететін қызметкердің ұсынуы бойынша қабылдайды.

10.8. Шығару кезінде жатақхана меңгерушісі білім алушылар үшін тиісті түрде мүкәммал мен бөлмені тапсыру актісін жасайды.

11. Жатақханаларда уақытша тіркеуге тұру тәртібі


11.1. Университет жатақханаларында тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары ӘЖБ-ге бір оқу жылына уақытша тіркеуге өтінім береді. Есептен шығару осы мерзім өткеннен кейін автоматты түрде жүзеге асырылады.

11.2. Шетелдік білім алушылар тіркелу үшін халықаралық факультетке құжаттар тапсырады.

12. Жауапкершілік

12.1. Университеттің білім алушысы жалған және жасанды құжаттарды ұсынғаны үшін Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауап береді.

12.2. Өтінімді уақтылы және дұрыс ресімдеу тәртібін сақтау және растайтын құжаттарды тіркеу үшін жауапкершілік білім алушыға жүктеледі.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға арналған жатақханалардағы орындарды бөлу туралы ереже


12.3. Білім алушылардың жатақханада тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін 1 қосымшаға сәйкес, Университет жатақханаларында тұру қағидаларында көзделген тәртіптік жазалардың түрлері қолданылады.

13. Қорытынды ережелер

13.1. Осы Ереже «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ білім алушыларымен жұмысты ұйымдастырушылық қамтамасыз етудің бір бөлігі болып табылады.

13.2. Осы Ережеде Университет жатақханаларынан орын беру тәртібін белгілейтін негізгі нормалар, сондай-ақ Университеттің басқа қаладан келген білім алушыларын қоныстандыру, уақытша тұру және шығару қағидалары ұсынылған, олар Университеттің өндірістік-шаруашылық қызметі процесінде өзгертілуі және/немесе толықтырылуы мүмкін.

13.3. ӨТЖД басшысы осы Ереженің орындалуын тиісті бақылауды және онымен ӨТЖД қызметкерлері мен Университеттің мүдделі лауазымды тұлғаларын таныстыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ Ережені уақтылы өзектілендіруді жүзеге асырады.


	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға арналған жатақханалардағы орындарды бөлу туралы ереже

Ережеге 1-қосымша

«С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ»КЕАҚ жатақханаларында тұру қағидалары


1. Жатақханада тұратындар келесі ережелерді сақтауға міндетті:

- 1.1 Қауіпсіздік техникасы ережелерін, өрт қауіпсіздігі ережелерін, санитариялық – гигиеналық ережелер мен нормаларды сақтауға және Университетпен жасалған шарттың талаптарын орындауға міндетті.
- 1.2 Рұқсатнамалық тәртіптемені қатаң сақтауға:
Жұмыс күндері (дүйсенбі - жұма) сағат 06:00-ден 23:00-ге дейін;
Сенбі – жексенбі сағат 06.00-ден 00:00-ге дейін, кәмелет жасына толмағандарды қоспағанда;
- 1.3 Жатақхана және студенттер қалашығы аумағында сағат 22.00-ден 6.00-ге дейін тыныштық сақтау.
- 1.4 Жатақханаға кірген кезде рұқсаттаманы көрсету.
- 1.5 Университетке тиесілі тұрмыстық электр аспаптарын (тоңазытқыш, электр плитасы, кір жуғыш машина, мұздатқыш камера, үтік, электр шайнек, қол кептіргіш, кептіру автоматы және т. б.) пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды қатаң сақтау керек.
- 1.6 Университеттің меншігіне, үй-жайларына, жабдықтары мен мүкәммалына ұқыпты қарау.
- 1.7 Бөлмені таза және тәртіппен ұстауға, оқу жылының соңында бөлмені тиісті түрде тапсыру.
- 1.8 Электр энергиясын, су мен газды ұтымды жұмсау.
- 1.9 Белгіленген кесте бойынша өз бөлмесін және тұрмыстық бөлмені күн сайын ылғалды тазалауды жүргізу.
- 1.10 Үй-жайдың, жиһаздың дұрыс пайдаланылмауынан немесе әдейі, не абайсызда бүлінуінен туындаған зақымдануын өз есебінен жою.
- 1.11 Студенттер комитеті өткізетін жиналыстарға қатысу.
- 1.12 Хабарландыру тақтасындағы ақпаратты қарау.
- 1.13 Моральдық-этикалық мінез-құлық нормаларының талаптарын сақтау, парасаттылық пен өзара сыйластық атмосферасын сақтауға, тұрғындар мен Университет қызметкерлеріне қатысты жанжалды жағдайларға жол бермеу.
- 1.14 Жатақханадан үш тәуліктен артық шыққан кезде тұратын адам өзінің кеткені туралы жатақхана меңгерушісін не оның орнындағы қызметкерді хабардар етуге міндетті.
- 1.15 Бөлмеден соңғы шыққан кезде барлық терезелерді, есіктерді жауып, барлық электр аспаптары мен жарықты өшіріп, кілттерді тапсыру.
- 1.16 Қажет болған жағдайда, университет әкімшілігінің талабы бойынша жатқан тұрғын үй-жайды каникул, карантин және басқа да жағдайлар кезеңіне 5 (бес) жұмыс күні ішінде босату.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға арналған жатақханалардағы орындарды бөлу туралы ереже

2. Жатақханада тұратындарға үзілді-кесілді тыйым салынады:

- 2.1 Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға.
- 2.2 Жатақхананың тұрғындары мен қызметкерлеріне құрметпен қарамауға.
- 2.3 Рұқсаттаманы басқа ададмарға беруге.
- 2.4 Ұялы телефонға, планшетке және ноутбукке арналған зарядтағыштарды қоспағанда, электр желісі арқылы жұмыс істейтін аспаптарды (үтік, фен, шаш түзулегіш (бұйралағыш үтік), электр шәйнегі, баяу пеш, жылыту аспаптарын, желдеткіш және басқа да ұсақ, сондай-ақ ірі көлемді тұрмыстық электр аспаптарын пайдалануға.
- 2.5 Басқа бөлмеге жолдамасыз өз бетінше көшу.
- 2.6 Гимараттың сыртқы жағынан (балкондар, терезелер, шатыр және т. б.) басқа жатақханаларға бару.
- 2.7 Мүкәммалды, жиһазды бір бөлмеден екінші бөлмеге өз бетінше ауыстыруға, сондай-ақ жиһазды ауыстыруды жүзеге асыруға.
- 2.8 Электр сымдарын өз бетінше қайта өңдеу және электр желісін жөндеу.
- 2.9 Орынжайда жұмыс жасау немесе шу мен дірілдің күшеюін тудыратын, білім алушылардың басқа тұрғын үй-жайларда тұруының қалыпты жағдайларын бұзатын басқа да іс-әрекеттер жасауға.
- 2.10 Тұрғын бөлменің қабырғаларына және осы мақсат үшін арнайы бөлінген орындардан басқа жалпы пайдаланылатын орындарға хабарландыруларды, кестелерді және т. б. жапсыруға.
- 2.11 Төбеге шығу, шатырға көтерілу, терезе төсеніштерінде тұру және отыру, зақымдану, терезелерден шектеулерді алып тастау, тамақ өнімдерін және басқа заттарды терезе төсенішінің сыртына қою.
- 2.12 Тамақ дайындауға арналған тұрмыстық үй-жайларды түнде (23:00 – 06:00) пайдалануға.
- 2.13 Жуыну бөлмелерін түнде (23:00 – 06:00) пайдалануға.
- 2.14 Белгіленген тәртіпті бұзуға, жатақхананың тұрғындары мен қызметкерлеріне қатысты жанжалды жағдайлар туғызуға.
- 2.15 Бөтен адамдарды жатақханаға әкелуге және (немесе) оларды түнде жатақханада қалдыруға (қондыруға), басқа адамдарға, оның ішінде жатақхананың басқа бөлмелерінде тұратын адамдарға тұру үшін тұрғын алаң беруге.
- 2.16 Жатақхана бөлмелерінде шылым, және олардың аналогтарын (темекіні қыздыру жүйесі, бір реттік / қайта пайдалануға болатын электронды темекі) шегу, студенттік қалашық аумағында темекі шегу, алкогольге және (немесе) есірткіге мастану, шекпейтін темекі бұымдарын (насыбай, снюс), кальян, есірткілік заттар, сондай-ақ, құрамында алкоголь бар сусындарды сату, тарату және сақтау. Алкоголь мен есірткі тұтынғандығын анықтау үшін алкоголь концентрациясын өлшеуге арналған арнайы аспаптар - алкотестер (тыныс алу анализаторы, алкометр), анализаторлар, есірткі құралдарын сынағыштар пайдаланылады не болмаса білім алушы сараптама үшін арнайы медициналық мекемелерге куәландыруға жіберіледі.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға арналған жатақханалардағы орындарды бөлу туралы ереже

- 2.17 Үй-жайдың кіреберіс есігіне қосымша құлыптар орнатуды, құлыптарды қайта өңдеуді немесе оларды ауыстыруды жүзеге асыру.
- 2.18 Тұрғынжайда ашық от көздерін пайдалану, тез тұтанатын заттарды, сондай-ақ пиротехниканы сақтау және қолдану.
- 2.19 Жатақханада жануарларды ұстау және алып кіру.
- 2.20 Бөлмеде басқа тұрғындарға бөлінген үй-жайды пайдалануға кедергі келтіретін көлемді заттарды (сақтау камерасын) сақтау.
- 2.21 Жататын тұрғын үй-жайда тамақ дайындау.
- 2.22 Құмар ойындарды ұйымдастыру және оларға қатысу.
- 2.23 Терезелер мен балкондардан қоқыс пен бөгде заттарды тастау, бөлмелерде қоқыс қалдықтарын қалдыру, бөлмелер мен ортақ пайдалану орындарын тұрмыстық қалдықтармен бітеу.
- 2.24 Жатақханада және студенттік қалашық аумағында әдепсіз сөйлеу.
- 2.25 Жатақхана мен студенттік қалашық аумағында кез келген коммерциялық қызметті жүргізу.
- 2.26 Күмәнді қаржы ұйымдарына (қаржы пирамидаларына) қатыспау және Университеттің білім алушылары мен қызметкерлерін қатыстырмау.
